ЖШС «Несібе11» «Айбопе» балабақшасы

Айбөпе
Балабақшасы

2025-2026 жылдарға арналған «Айбөпе» балабақшасының консультациялық пунктінің хаттамасы

Scanned with CamScanner

Хаттама 1

Тақырыбы: «Кел, танысайық»

Кеңес беру пунктінің жылдық жоспарымен таныстыру.

Ата-аналармен танысу.

Бастапқы диагностика –баланың даму деңгейін анықтау.

Өткізілген күні:13.02.2025ж

Қатысқандар:Тәрбиешілер,медбике,музыка жетекшісі,ата аналар.

Күн тәртібі:

1.Қатысушыларды кеңес беру пунктінің мақсатымен,жұмыс кестесімен танытыру.

2.3-5 жас аралығындағы балалардың даму деңгейін не бастапқы диагностика жүргізіу.

3.Ата-аналар сұрақтарына жауап беру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші К.А.Бишикенова кеңес беру пунктінің ашылу себебі балабақшаға бармайтын балаларға және ата-аналарына көмек беру.Біздің мақсатымыз-баланың мектепке дайындығын күшейту,ата- анаға дұрыс тәрбие мен оқыту әдісін көрсету. Жұмыс аптасына екі рет,сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 15:00-17:00 аралығында өтеді.Қабылдау ,көмек тегін.

Екінші мәселе бойынша да түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Балалардың даму деңгейіне диагностика жүргіземіз.Сөйлеудің тазалығы,сөздік қорлары фонетикалық естулері тексеріледі.Диагностика нәтижесі бойынша әр-атанаға жеке ұсыныс береміз.

Кеңес соңында ата-аналар сұрақтарына жауаптар берілді.

Жоғарғыдағы мәселелерді талқылай келе төмендегідей қаулы қабылданды:

1.Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы және жұмыс кестесі әлеуметтік желілерге салынсын.

2.Қыркүйек айында қабылданған балаларға бастапқы диагностика жүргізілсін.Нәтижелері ата-аналар дәптеріне түсірілсін.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 2

Тақырыбы: «Алдымен сөйлем құрауды үйрет»

Өткізілген күні:06.10.2025ж

Қатысқандар:Тәрбиешілер,ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. **«Алдымен сөйлем құрауды үйрет» -кеңес тәрбиеші Г.С.Алиханова**

Тыңдалды:

Ересектер тобының тәрбиешісі Г.С.Алиханова ата-аналарға «Алдымен сөйлем құрауды үйрет» тақырыбында кеңес берді. «Сөйлем –тіл дамытудың жүрегі, ал баланың тілі-оның ертеңгі ойлауы! Сөзден-сөйлем сөйлемнен – мәтін дей келе жатығуларға тоқталып кетті.Мысалы:Адасқан сөздерді орнына қой жаттығуы ,оңай жатығулар т.б.Ата аналармен осы жұмыс барысында ойындар, жаттығулар өткізілді.Көп ата-аналарды ойландыратын сұрақтың бірі: неге балам сөйлем құрай алмайды? Жауабы: сөздік қоры аз,сөйлем мүшесін ажырата алмайды,ойын жүйелеуге машықтанбаған.Ата-аналар өз сұрақтарына қанағаттарлық жауап алды.

Қорытындай келе төмендегідей қаулы қабылдансын.

1.Осы бағытта ата-аналар үйде балалармен жаттығулар,ойындар көбірек өткізсін.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 3

Тақырыбы: «Баланың ұсақ маторикасы арқылы сөйлеуді дамыту»

Өткізілген күні:11.11.2025ж

Қатысқандар:Тәрбиешілер,ата-аналар

Күн тәртібі:

1.Баланың ұсақ қол моторикасы арқылы сөйлеуді дамыту-тәрбиеші Г.У.Уринбаева

Тыңдалды:

Тәрбиеші Г.У.Уринбаева «Баланың ұсақ қол моторикасы арқылы сөйлеуді дамыту» тақырыбында өз іс-тәжірбиесімен бөлісті. Ұсақ моторика тек дәстүрлі саусақ гимнастикасымен емес,түрлі шығармашылық тәжірбиелер арқылы дамиды. «Көзді жұмып сурет салу» ямүсіндеу кезінде балалар кейіпкерлерді ойлап табады,ертегі құрайды,сөйлесу арқылы ойларын жүргізеді. Біздің балабақшада ұсақ моторика түрлі ойындар мен күнделікті іс-әркетер арқылы енгізіледі .Дәндер ,түймелер,бұрандалар мен шнурлар балалардың іс-әрекетттерін қол жатығуларына айналдырады дей келе ойын түрлеріне тоқталып кетті.

Кеңес оңында ата –аналар сұрақтар беріп,жауаптырына қанағатттанды

Қорытындылай келе төмендегідей шешім қабылданды.

1.Үйдее және балабақшада дамытушы ойындардан басқа тәжірибелерді кеңінен пайдалансын.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 4

Тақырыбы:Жаңа жылда қауіпсіздік ережелерін сақтайық

Өткізілген күні: 08.12.2025ж

Қатыстысқандар: педагогтар,ата-аналар,медбике

Күн тәртібі:

1.Жаңа жылда қауіпсіздік ережелерін сақтайық –жаднама тарату меңгерушіс А.К.Бишикенова

Тыңдалады:

Меңгеруші К.А.Бишикенова қауіпсізідік ережелермен таныстырды. Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық талаптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты.Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, ата-аналар қатысуы қажет.Жаңа жылда шырша қойылым неше түрлі ойыншықтар ілінеді тез тұтанатын,жанатын заттар болмауы керек,жабық бөлмеде отшашуды және шамдарды,бенгал шамдары болмасын дей келе өрт болған жағдайда не істеу керек екенін тоқталып кетті және жадынама таратты.Эвакулациялық жоспар мен жолдарымен таныстырылды.Балалар өртке қатысты қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.

Кеңес соңында жаннамалар таратылып,ата-аналар өз сұрақтарына берілген жауаптарға ризашылықтарын білдірді.

Қорытындылай келе төмендегідей қаулы қабылданды.

Қаулы:

1.Үйде және балабақшада қауіпсіздік ережелері сақталсын.

2.Жаңа жылда бенгал шамдары болмасын.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 5

Тақырыбы: Респираторлық ауруларды үй жағдайында емдеу.

Өткізілетін күні:12.01.2026ж

Қатысқандар:Тәрбиешілер,медбике,ата-аналар.

Күн тәртібі:

1.Респираторлық ауруларды үй жағдайында емдеу-медбике Н.Данабай

Тыңдалды:

Медбике Н.Данабай «Үй жағдайында респираторлық ауруларды емдеу» тақырыбында дәріс оқыды.Баяндама басында респираторлық ауруларға не жататынына,оның симптомдарына тоқталып кетті.Күзде тұмау мен өткір респираторлық вирустық инфекцияның маусымы басталады.Бұл екі вирустық ауру адам өмірі,соның ішінде,балалардың өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.Сондықтан олардың алдын алу маңызды дей келе осы шараларға тоқталып кетті.

1) қимыл- қозғалыста болу

2) сұйықтық көп ішу

3) бөлмені тазартып отыру

4) Вакцина

Вакцинаға көбірек тоқталды.Бұл дәрілік препаратта тумаудын алдын алу көмектеседі.Ата –аналар өз сұрақтарына жауаптар алды. Жоғарыда мәселелер талдана келе төмендегідей қаулы қабылдансын.

1.Респираторлық аурудың алдын алу шаралары күшейтілсін.

2.Дәрігердін нұсқаулығынсыз ем-шара қолданылмасын.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 6

Тақырыбы: Бір әдіс барлық балаға жарамайды – пікір талас

Өткізілген күні:9.02.2026ж

Қатысқандар:тәрбиешілер, ата –аналар.

Күн тәртібі:Бір әдіс барлық балаға жарамайды –пікір талас –тәрбиешілер,ата-аналар.

Тыңдалды:

Ата –аналар, тәрбиешілер арасында «Бір әдіс барлық балаға жарамайды» деген тақырыпта пікірталас болды.Тәрбиешілер әр балаға әр түрлі әдіс қолдану керек.Тәрбиеші:Саркулова М тыныш балаға жеке қолдау,белсенді балаға –қозғалыс,қиын балаға –бақылау емес,байланыс керек. Тәрбиеші Тұтасбаева Ж.С. сабақта міндетті түрде 3формат болуы керек: көру, қозғалу,айту. Сонда ғана бала өзіне жайлы жолмен үйренеді.

Тәрбиеші Г.С. Алиханова : Әр баладан «мінез» емес «сигнал» іздеу керек.Бала жыласа –бұл еркелегі емес,ішкі қажеттіліктің белгісі.

Кеңес. «Бұл бала не айтқысы келіп тұр?» ден сұрақты өзіңе жиі қой

Тәрбиеші: Г.У.Уринбаева эмоцияны тоқтатпау керек.Мысалы: жылама,күлме деме, сен ашуланып тұрсың.Саған кәзір қиын екенін көріп тұрмын.

Кеңес:Бала эмоциясын атауды үйренсе – мінезі өздігінен түзеледі.Бұл тәрбиешінің ең күшті құралы.

Кеңес: соңында ата-аналар өз сұрақтарына жауап алды.

Кеңес қортындылай келе төмендегідей қаулы қабылдансын.

1.Бүгінгі кеңесте айтылған мәлеметтерді ата –аналар,тәрбиешілер басшылыққа алып,жұмыстансын.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 7

Тақырыбы: «Алғыс жас пен кәріге»

Өткізілген күні: 23.03.2026ж

Қатысқандар:Педагогтар,тәрбиешілер,ата аналар

Күн тәртібі:

1. 1-наурыз «Алғыс айту күнін» атап өту бойынша ұсынымдармен таныстыру пікір-талас әдіскер,тәрбиешілер.

Тыңдалды

Әдіскер К.А.Бишикенова 1-наурыз «Алғыс айту күні» туралы шағын мәлімет берді.Жыл сайын Қазақстанда Алғыс айту күні 1-наурыз атап өтілді. Биыл1-наурыз демалыс күні болғандықтан балабақшамызда 27-ақпанда атап өтіледі.Мерекенің мәні мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларын іске асыру,толеранттылыққа тәрбиелеу және бүгінгі күнге ризашылық білдіру.Іс –шараның форматы,мазмұны және өткізілу орны тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және жеке қажеттіліктеріне сәйкес қауіпсіздік жағдайларын ескере отырып айқындалады.Бұл күні балабақша топтарын,дәліздерді түрлі түсті жалаушалармен,түрлі өлшемдегі гүлдермен,шарлармен тақырыптық илюстрациялар белсендіруге болады.Безендіру кезінде қолданылатын матиралдар қауіпсіз,іс-шараның мазмұнына сәйкес келу және балаларға түсінікті болу керек.Биылғы іс-шараға балабақша ұжымын қатыстыру,ардагерлерін,ата-әжелерді,ата –аналарды қатыстыру жоспарланып отыр:Мысалы:педагогтерге Алғыс айту акциясы – еңбек ардагерлерін марапаттау,флешмоб «Баршаға рахмет айтамыз»челлендж, Ата –аналарға Алғыс айтамыз.

Қортындылай келе төмендегідей қаулы қабылданды:

1.Алғыс айту күні жоспар бойынша өткізілсін.

2.Безендіру және өткізу кезінде қауіпсіздік шаралар сақталынсын.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner

Хаттама 8

Тақырыбы: «Құсатарға ұя жасайық»

Өткізілген күні:13.04.2026ж

Қатысқандар:әкелер,тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. «Құстарға ұя жаайық» іс-шара әкелер мектебі,әкелер,тәрбиеленушілер.

Тыңдалды:

Жылдық жоспарға сәйкес әкелер мектебінің басшылығымен «Құсатарға ұя жасайық» іс –шарасы өтті.Барлық топтан іс-шараға қатысқысы келген әкелер балалармен қатысты.Балаларды адамгершілік,еңбек сүйгіштік қасиеттерге баули отырып,құстарға жанашырлық таныту,қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу мақсатында жоспарланған іс –шара болды.Жасалынған жайлы ұяшықтар ағаш бұталарына ілінді.Балаларға бұл ұяшықтарды құстарға қауіп төндіретін жануарлардан,қолайсыз ауа райынан қорғану үшін істедік,оны бұзуға болмайды деп түсініктеме жұмыстары жүргізілді.Міне көктем кереметін қайта жолға қою,жаңарту мақсатында балабақшамызда қолға алынған таңы бір бастама болды.Осы бастаманың қорытындысы бойынша сапалы,сәнді жасалынған ұяшықтардын иелерін жүлделі орындармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапаттау.Ал әлеуметтік желіден ең көп дауыс жинаған қатысушы ерекше аталып,арнайы сертификат және бағалы сыйлықпен марапаттау.

Қорытындалай келе төмендегідей қаулы қабылдансын:

1.Іс-шара әлеуметтік желіге салынсын
2.Әлеуметтік желіден көп дауыс жинаған ұяшық иесі ерекше аталып өтсін.
3.Басқа қатысушылар арнайы сертификаттармен марапатталсын.

Хатшы: Досмагамбетова Г.С

Scanned with CamScanner

Хаттама 9

Тақырыба: «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы»
Өткізілген күні:15.05.2026ж
Қатысқандар:Тәрбиешілер,ата-аналар,медбике

Күн тәртібі:

1. Іш-асқазан ауруларының профилактикасы-дәріс- медбике Н.Данабай

Тыңдалады:

Медбике Н.Данабай «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы туралы дәріс оқыды. Медбике кеңес алдында балалардың азқазан ішек аурулары туралы түсінік берді.Іш-ауруларының себептері,көріністері, формасына және диетерапиясына тоқталды.Сосын ішек жұқпасының алдын алу шаралары туралы оқыды.Ең алдымен ішек жұқпасының алдын алу үшін санитарлық,гигиналық талаптар орындалуы керек.Сонымен қоса беретін судың,тағамдардын сапасына назар аударған жөн.Егер балада ішек жұқпасы болса,онда үш ай көлемінде ай сайын емделуші дәрігерінің бақылауында болуы тиіс.

Консультациялық пункт соңында ата –аналар ойландырып жүрген сұрақтарына жауап алды.

Қортындылай келе төмендегідей қаулы қабылданды:

1.Ішек жұқпасы ауруының алдын алу шаралары күшейтілсін.

2.Санитарлық-гигиналық талаптар балабақшада және үйде сақталсын.

Хатшы: **Досмагамбетова Г.С**

Scanned with CamScanner